

Жапсырмалау өнері



“Жасай бер, тәуелсіз Қазақ елі”

**Шығармашылық
зерттеу жұмысы**

Орындаған:

*Орынгазина Жібек
10-сынып оқушысы*

Жетекшісі:

*Башақов Болат
технология пәні мұғалімі
“Өкпелі” орта мектебі*

Мақсаты: қазақ халқының ұмытылып бара жатқан мәдени мұрасын жаңғырту. Халықтың дәстүрлі қолөнері мәдениетінің қазыналарын жинап, қолөнер шеберлерінің бұйымдарын және аса құнды тәжірибелеріне сүйене отырып, құрақ құрау өнерімен жақын таныса отырып, құрақ көрпе жасау өнерін үйрену

Жапсырмалау өнері қай халықтың өнерінде болса да кездеседі. Әсіресе қолданбалы өнерде алатын орны ерекше. Бұл өнер түрі Батыста, орта Азияда жақсы дамыған.

Сәндік-қолданбалы өнер эстетикалық мәні жағынан да маңызды дайындалған қолөнер арқылы өмірге келген көркем туынды. Қазіргі кезге дейін сақталып келген, басқа халықтар да пайдаланған ескі де негізгі техника - аппликация кеңінен пайдаланылады.

«Аппликация» атауы латынның **«жабыстыру»**, **«қиыстыру»** деген сөзінен шыққан. Аппликация қолданылатын материалына қарай үшке бөліп қарастырылады.

Біріншісі, түрлі қағаздардан орындалатын аппликация, екіншісі, әр түрлі мата, киіз, тері, шүберек қолданумен орындалатын аппликация, үшіншісі, табиғи материал (сабан, ши, қамыс, т.б.) қолдану арқылы орындалатын аппликация.



Әр түрлі мата материалдарында орындалған аппликация түрі XVI ғасырда Италия мен Испанияда, XVII ғасырда Греция мен Францияда пайда болған.

Аппликацияның силуэттік түрде орындалуы XVIII-XIX ғасырда Ресейде жақсы дамыды. Француз суретшісі Анри Матисс: «Қайшыны пайдалану арқылы керемет аппликация түрлерін жасауға болады», - деген жақсы пікір айтқан.



Аппликация шығыс пен батыс елдерінде, сонымен қатар, Орта Азия мен Қазақстанда жақсы дамыды. Халық өнерінде өрнекті фигураларды негізгі астарға киізден, матадан, теріден ойып алатын болған. Бұл өнерді коллаж жұмыстарында пайдаланамыз. Тақырыптық коллаж жұмысын орындауға болады. Орындалатын жұмыс бұйымның көлемі мен пішініне сәйкес келуі керек.

Жапсырмалау жұмысының орындалу тәртібі



Белгілі бір бұйымға сауатты түрде өрнектерді ою үшін, оның мәнерін, ойылу ырғағын айыра білуіміз қажет. Осы мақсатта жапсырмалау өнері өрнектердің элементтерін нақтылы түрде сауатты өңдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, белгілі бір өрнектің бөлігін сызбаға түсіріп, мұғалімге тексертіп алғаннан кейін, ермексазбен өрнек үлгісін жапсырмалаймыз. Жапсырмалауды бірнеше тәсілмен орындауға болады, олар: өрнек қыры тікбұрышты 90° -та жапсырмалау; дөңес, жартылай домалақ түрінде; өрнек қыры тікбұрышты, беті ойық әдіспен және беті тегіс, ал шеті 45° -та еңіс күйінде жапсырмалау.



Жапсырмалау жұмысының түрлері




*Былғарымен
жапсырмалау*



*Қарандаш жоңқаларымен
жапсырмалау*



*Әр түрлі дәндермен
жапсырмалау*



*Қағазды орап
жапсырмалау*



*Матамен
жапсырмалау*